

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Психологиялық тақырыпты көтеріп, халық тағдырын бейнелеген М.Ю. Лермонтовтың «Біздің заман батыры» мен Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романдарында екі түрлі заман, ел, оқиғаларды әңгімелесе де осындай бір автор көрсетпек болған, айтпақ болған бейнелер мен көріністерде ұқсастықтар болды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Андреев-Кривин С.А. Ақынның жан-жақты білімі. М. «Советская Россия», 1978.
2. Белинский В.Г. Біздің заманымыздың қаһарманы. М.Лермонтовтың шығармасы. -Санкт Петербург. 1840. Екі бөлім.
3. Белинский В.Г. «Біздің заманның қаһарманы» романы. М. Газет мақаласы, 1840 ж. 4. Белинский В.Г. Таңдалған мақалалар. - М., 1980.
5. Белинский В.Г. Мақалалар мен шолулар. М.КСРО Ғылым академиясының баспасы, 1971
6. Аймауытов Ж. Ақбілек. - Алматы: Атамұра, 2003.

ӘОЖ 02.17

БАРСИСА МЕН ФАУСТ ТРАГЕДИЯСЫНДАҒЫ ДІНИ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕР

Курбанбаева Шахрезада Тулепқызы

saherezadak@gmail.com

Л.Г.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультетінің 3курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., қауым. проф.А.Ә.Үсен

Дін мәселесі адамзат тарихында қашан да өзекті бола бермек. Адам мен шайтанның, адам мен Құдайдың арасындағы ара-қатынас, адамның шайтанға азғырылуы халық арасында діни мифтерден бастап авторлық талай шығармаларға арқау болған. Солардың бірі – Иоганн Вольфганг Гётедің «Фауст» драмасы. Трагедияда Фауст өмірден түңіліп кетеді, ғаламдағы бар нәрсені, атап айтқанда, махаббат пен отбасын, үміт пен күмәнді қарғап, өзіне қол салып, өмірден кеткісі келеді. Алайда, Ібіліске тап болады. Бұл - адам баласының иманы әлсіреуі мен шайтанның азғыруға кіріскенінің көрінісі. Өз өмірінің мәнін жоғалтқан Фауст Мефистофельге зор беделге ие болу үшін жанын сатады. Фаусттың сүйіктісі Маргарита екені бәрімізге мәлім. Фауст туралы кездесетін аңыздарда Ібіліс оның үйленуіне қарсы болады, бірақ Гётедің шығармасында, керісінше, Мефистофель Фауст пен Маргаританың қосылуына қолдау білдіріп, көмек береді. Екі ғашықтың жеке кездесуіне мүмкіндік тууы үшін Фауст Маргаритаға анасына берсін деп дәрі ұсынады. Маргарита, әрине, оның ұсынысын қабыл алып, дәріні анасына береді. Нәтижесінде, оның анасы қайтыс болады. Фауст пен Маргарита махаббатқа бөленіп, нәтижесінде ару жүкті болады. Оны білген Маргаританың ағасы Валентин Фаустты қуып, қарындасымен мүлде жақындатпайды. Бұл жағдайдың соңы Валентинмен Фауст арасындағы қақтығыстан Фаусттың Мефистофельмен бірге Валентинді өлтіргенімен аяқталады. Қаладан кетіп қалған Фауст одан кейін Маргаританың рухын көрмейінше қалыпты өмір сүре береді. Маргаританы еске алған Фауст оған барғанда, Маргаританың жағдайы нашар еді, яғни ол өзінің қызын өлтіргені үшін сотталып кеткен екен. Маргарита Фаусттың бірге қашайық деген ойына келіспей, бұл әлемде әділдік болуын қалайды:

Фауст:

Жүр кетейік, уақытым тапшы тым.

Маргарита:

Қайда?

Фауст:

Еркіндікке, далаға!

Маргарита:

Иә, қабыр күтіп тұр ғой мені онда.

Ажал шіркін, бір шүйілсе қоя ма?

Кеттік, жаным, мен өлімнен қашпаймын.

Одан әрі бір кадам да баспаймын.

Кеткенің бе? О, дариға, бір кетсем-ау өзіңмен

Фауст:

Жүрші, жаным, айрылдым мен төзімнен!

Маргарита:

Болмайды маған кетуге,

Өзімді келеке етуге.

Не пайда қашып кеткеннен?

Сақшыны тентіреткеннен?

Түрмеден қашып кетерміз,

Қайыршыдай қаңғырып,

Қайғыменен өтерміз.

Оған-дағы көнерміз,

Ар алдында не дерміз? [2].

Фауст Маргаританы өзімен ерткісі келеді, бірақ көндіре алмаған оны өлім аузына тастап өзі кете барады. Сайтанның азғыруымен адал жанын сатып, өз өмірінің түбіне өзі жеткені үшін өкініп, дүниенің сырын ашпақ түгілі, күннің батуы мен шығуының, бұлт пен найзағайдың пайда болу құпиясын бәрібір аша алмағанына өкініп, ұйқысыз жатқан түні Мефистофель келіп: «Бәріне өзің кінәлісің. Сатқындық жолға өзің түсіп, азғыруға оңай көндің» дегенді айтады да ғайып болады [3].

Ғасырлар бойы өз құндылығын жоғалтпаған бұл шығарма осылай аяқталады. Өз жанын Ібіліске сатқан Фауст осылай қолын қанға бояп, өз өмірін өзі құртады.

Ібіліске еріп, Құдайдың қарғысына қалғаны туралы шығармалар Құранда да, халық аузындағы мифтерде де кездесіп отырады. Мәселен, Құран Кітапта аты аталатын Барсиса туралы оқиға[5].

Барсиса – ұзақ уақыт бойы Құдайға құлшылық етіп келген тақуа. Бірақ ібілістің арбауымен теріс жолға түсіп, Құдайдың қарғысына қалған дейді. Бұл туралы Қашаған Күржіманұлы:

Тәубем көп деп мақтансаң,

Барсисаны да Құдай қарғаған,

Азғырып шайтан алдаған, - деп өз толғауында айтып өткен [1].

Бұл жалған «көзді ашып-жұмғанша өтеді» деген оймен бар өмірін Құлайға құлшылық етуге арнап, таулық қуысына барып, өзінше бес уақыт намазын, діни кітаптар оқып тыныш қана өмір кешіп жатады.

Шайтанның мақсаты – пендені ақ жолынан адастырып, бұрыс жолға түсіру. Алайда олар Барсисаны еш азғыра алмай әлек болады. Соңында Ібілістің өзі: «Бір ай ма, бір жыл ма, одан да көп пе, әйтеуір Барсисаны жолынан тайдырып, дінінен шығарып, жаққан Құдайына қарғатып қайтпасам, Ібіліс атым құрысын!»- деп, белін бекем буады.

Пақыр жолаушы кейпіне енген Ібіліс таудағы Барсисаға келіп, шарифат туралы көп әңгімелесіп, оның сеніміне кіріп алады. Ібіліс өзі «тәуіп» кейпіне еніп, бір баланы емдегендей болады да,

елге әңгіме таратады. Бұл хабар кейіннен ханның құлағына жетеді. Сол кезде ханның қызы көтеріліп ауырады екен. «Осы елге бір тәуіп келіпті, ұшықтағаны ем болады екен» деген ауыл-аймаққа лезде тараған хабарды естіген хан «тәуіпті» үйіне алдырады. Хан мен тәуіптің әңгімесі қызды емдету үшін Барсисаның алдына жіберумен аяқталады.

Тау басында Барсиса бойжеткенді ауруынан айықтыру үшін барын салады. Ібіліс те екеуін азғырып, өзінің мақсатына жету жолында әрекеттер жасап жүреді. Науқас ханшайымның оқыс етек-жеңін көтеру, аппақ сан, ашық омырау, кейде жақсы көрініп, «тәуіпті» құшақтай алу, не керек, азғырынды қылықтың бәрін жасатады. Барсиса болса, хан қызының бұл әрекеттеріне аса мән бермей, емін жалғастыра береді. Бірақ шайтан ақыры дегеніне жетеді, жүрегіне от салынған Барсиса қызбен зина жасап қояды. Кейін қыздың жүкті болып қалғанын естігенде, күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айрылып, мазасы қаша бастайды. Ібіліс келгенде, не істерін білмеген Барсиса оған зар-мұңын айтып, кеңес сұрайды. Ібіліс те түк білмеген адам құсап таң қалып, «не де болса болары болды, енді жылан шағып, қайтыс болды» деп айтуға кеңес береді. Ібілістің айтуына ерген Барсиса қызды ұйықтап жатқанда буындырып өлтіріп, жерлеп тастайды. Ал бұл уақытта шайтан «жолаушы» кейпіне кіріп, ханның еліне жол тартып, сондағы бір үйге кіріп ел арасына өсек таратып жатқан еді: «Әуелі үйдегілерден: «Осы елдің ханы қызын емдетуге таудағы бір тәуіпке жібергені рас па?» деп сұрайды. Оған жауабын естігесін, «Сол қызды ханның сеніп тапсырған „тәуібінің“ еркектік нәпсісі қозып, қызды жүкті қылып алып, онысымен қоймай, оны өлтіріп тастады» деген рас па деп сұрап, қоңсытады» [4]. Бұл хабардың әп сәтте хан құлағына жетері сөзсіз. Қызының жылан шағып, қайтыс болғанын айтқан Барсисаның сөзіне сенбеген хан ашуға булығып, қабірді қайта аштыртып, қызының ішін нөкерлеріне жарып қарауын бұйырады. Хан қызының ішінен 2-3 айлық шарананы көргенде, бұл қорлыққа шыдай алмай, Барсисаны өлтіруге бұйрық береді. Өлімнен, ханның қаһарынан қорыққан Барсисаға Ібіліс тағы бір ұсыныс айтады. Ол – дінінен бас тарту. Барсиса келіседі. Бірақ Ібіліс оның жанын сақтамай, өз діттегеніне жеткен соң, жөніне жүре береді:

Барсиса айтты: «Дұғаңмен ғамал қылдым,

Кеселге һәрміз келді дем сап жүрдім.

Ақыры иман, нәпсім тілін алып,

Патшаның қызыменен сұқбат құрдым.

Өлтірдім ол қызыны һам бір себеппен,

Кеп тұрмын оның үшін бұл жерге мен.

Жақында дараға асылып, өлсем керек,

Болмаса бір мархаббат өзіңізден».

Абиз айтты бұл істен хабар етіп:

«Келгенім неше бәләнт таудан өтіп.

Басыңды бұл өлімнен құтқарайын,

Көрсетпей өзгелерге алып кетіп.

Иіліп бір мәртебе сәжде айт маған,

«Тіліңе ал, қайтқаным» деп бір Алладан.

Абиз айтты: «Шайтанмын, білің мені,

Хайламен азғырмаққа келдім сені.

Зина мен құн нақық, сәжде еткізіп,

Бұт-пәрасат кәпірлердей қылдым дейді.

Жоқ болды Абиз шайтан бұл сөзды деп,

Жаллатлар Бәрсисаны ұстады кеп.

Ажыралып иманынан қалғанына,

Не пайда, қапа болып өкінді көп [5].

Екі шығарма, екі оқиға, бір түйін. Барсиса да, Фауст та өмірден бас кешкен жандар. Екеуі екі түрлі жайтпен болса да шайтанның құрығына ілінеді. Ібілістің айтқанымен жүріп, өз өмірлеріне өз қолдарымен балта шабады. Мефистофельге кезікпегенде Фауст сүйіктісімен бақытты болар еді, оның анасын өлтіруге себепкер болмаушы еді. Ібіліске ермегенде Барсиса Алланың ақ жолынан таймай, бәлкім, жаннаттық болар ма еді?! Күллі

мұсылман қауымға уағыз ретінде айтылып, әлі күнге дейін пенде иманын күшейтуге шақырып жүрген бұл аңыздың маңызы әсте жоғалмақ емес. «Бір адам бейнесіндегі бүкіл адамзаттың жиынтығы» деп В.Г.Белинский бағалаған И.В.Гётенің «Фаусты» да бекерден бекер әлемдік ғажап туындылардың қатарына енбесе керек. Қос шығарманың мәні оқырманды бір оқығаннан-ақ өзіне баурап, бір деммен соңына дейін жетелейді. Дулат Исабеков айтпақшы, ұлы шығармалар уақытпен санаспайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жайлау Б. Қашаған – сөздің дүлдүлі : ғылыми мақалалар мен арнау өлеңдер және айтыс мәтіні / Б. Жайлау. – Алматы: Жазушы, 2013. – 318 б.
2. Құрманов М. Фауст. – Алматы, 2021. – 269 б.
3. Дулат Исабеков. Батысқа Шығысты мойындатқан қаламгер. – Егемен Қазақстан, 2019, 21.01.
4. Ал-Байдави. Тафсир, 2. М., 2007. - 143 б.
5. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1991

ӘОЖ 03.12

АБАЙТАНУ ТАРИХЫНДАҒЫ АЛАШ КЕЗЕҢІ

Қажымұрат Алмагүл

alma.shug@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті, «Қазақ әдебиеті» кафедрасының
8D02314 – «Әдебиеттану» білім беру бағдарламасының 1-курс докторанты

Астана қ-сы., Қазақстан.

Ғылыми жетекші: ҚР ҰҒА академигі, ф.ғ.д., проф. Д.Қамзабекұлы

«Қайраткерлік қызметімен XX ғасырдың басында ұлт өміріне жаңа серпін берген Әлихан Бөкейханов бастаған зиялылар буыны Абай мұрасынан нәр алды. Абайдың бастаған ісін ақын ретінде – Мағжан, философ – ойшыл ретінде Шәкәрім, саясаткер ретінде – Әлихан, Ахмет, Халел, Мұстафа және басқалар жалғастырды».

М.Қойгелдиев

Қазақ халқының бойындағы сан ғасырлар жинақталған рух пен мұратты түрлі салада, соның ішінде әдебиет пен өнерде жарыққа шығарған Алаш саяси, мәдени, ағартушылық қозғалысы, Алаш қайраткерлері – тарихи-интеллектуалдық құбылыс ретінде ұлтымыздың даму жолын жаңа арнаға бұрды. Абай өзіне дейінгі қазақтың ой тарихын қорытындылап, қазіргі тілмен айтсақ әрі поэтикалық, әрі философиялық аналитикаға барды. Тек қана талдау деңгейінде қалмай, оны қорытты, яғни синтездеді. Абайдың қазақтың әдебиетіне, ойына жасаған аса үлкен реформасының сыры да, сымбаты да, кілті де, ықпалы да, нәтижесі де дәл